

# Келешектің тұтқасы білімді ұрпақ

Ауданымызда «Жас қаламгер» үйірмесі  
жұмыс жасайды

**Бүгінгі қоғам – ақпараттық құралдар қоғамы. Мектеп оқушылары қазір заманауи құралдармен жабдықталған қаншама ақпараттық ортамен байланыс жасап отыр.**

Телеарналар, ғаламтор желісі, мерзімдік басылымдар және тағы да басқа түрлі ақпараттық технологиялар.

Осы орайда, ауданымыздағы Жасөспірімдер және балалар шығармашылық үйі қосымша білім беру орталығындағы «Жас қаламгер» үйірмесі өз жұмысын бастаған. Қазіргі таңда, үйірме оқушылары бос уақыттарын тиімді пайдалана отырып, қоғамның ақпараттық, рухани медиа-сымен сусындап, аудандық, облыстық, халықаралық сайыстардан жүлделі орындардан көрініп жүр. Әсіресе, кеше ғана өткізілген «Халықаралық тәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылымдар академиясы» ұйымдастырған «Абай оқулары» атты халықаралық әдеби оқушылар мен студенттер арасында қашықтықтан өткен байқауда Абай атамыздың қисса-өлеңдерін мәнерлеп оқудан II – ші орын иеленген Азат Медетұлы соның дәлелі. Жалпы, үйірме жұмысына келетін болсақ, ақпараттық құралдар және олардан алынатын сансыз мәлі-



Қаламды жандарына серік еткен оқушылар жүлделі орындардан көрініп жүр

меттермен жұмыс істеуге деген оқушы бойындағы аса үлкен қызығушылықты шығармашылық жұмыспен ұштастырып, нақты мақсатқа жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Сөз өнері, қызықты ақпараттар жинау, материалдардың құрылымы, алғашқы нұсқасы және өңдеу, жазу процесі, жауапкершілік пен этика, журналистика жанрлары туралы мағлұмат алумен қатар, шығармашылық жұмыс түрлеріне машықтандырады.

Оқушылардың жазған мақалаларының жетістігі мен кемшілігі талданып, тұлғаның кәсіби дамуына ықпал жасалады. Іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, танымдық, шығармашылық жұмысқа

баулиды, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар, оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі, әдебиет және ана тілі сабақтарына қызығушылықтарын арттырады.

Үйірмеге тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылады.

Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгіме-

лер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі) сабақ мазмұнына сай еңгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Сондықтан сыныптан тыс үйірме сағатында ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді. Сондықтанда біздің үйірмеге қосыл жас дос!

**Айдос ҚОСТАНАЙ,  
Ғаббас Жұмбаев  
атындағы мектеп-  
гимназиясының тарих  
пәнінің мұғалімі**